

ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ-КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі күнгі білім берудің негізгі мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі. Мемлекетіміздің тек саясат пен экономика емес, білім беру жүйесіне де үнемі назар аударуы еліміздің болашағы жайындағы кемел ойлардан туындап отырғаны мәлім. Өйткені, ел байлығы тек мұнай мен газ емес, адам екені белгілі. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор – адам және жеке тұлға болып қала бермек. Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт — бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның



талабы. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Бүгінде оқытушылардың кәсіптік қабілетін шыңдау, инновациялық технологияларды оқу – үрдісіне енгізуге көмектесу, оқу әдістемелік әдебиеттермен және оқу құралдарымен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылып отыр.

Әр баланы терең зерттеп, оның жеке басының қасиеттерін құрметтеп, қоғамда өз орны бар азамат ретінде сенім артып, оқу – танымдық әрекетінің жемісті нәтижелі болуына қолайлы жағдайлар мен мүмкіндікті туғызу басты мақсат. Осы мақсатта №3 колледж халықаралық дуальді оқыту жүйесін және модульдік оқыту технологиясын оқу үдерісіне енгізіп, жүзеге асыруда. Студенттердің кәсіби шыңдалуларын дамыту мақсатында колледжде дуальді жүйемен жұмыс жасау мәселесі соңғы 5-6 жылда жүйелі түрде қолға алынуда. 2011 жылы Қазақстан мен Германия мемлекеттері арасында «Кәсіптік білім берудегі серіктестік» атты үш жылдық жоба құрылды. Жоба аясында Шилібаев Н.Ш., Есмаханов А.Ж. Германия мемлекетінің Трир қаласында біліктілігін арттырды.

Жобада Германияның кәсіпкерлер палатасы «Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету» мамандығының базасын нығайтуға 3000 евро қаржы бөлініп, құрал жабдықтар алынды.

Бүкіл әлемдік даму банкінің және Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту» бағдарламасы бойынша өтілген конкурста 2013 жылы №3 колледж Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту» жобасында Дүние жүзілік банк есебінен 56 миллион 823 мың теңге грант иегері атанды, «Институционалды даму жобасы» талабы бойынша облыстық бюджет есебінен облыс әкімшілігі грант көлемі 56 миллион 823 мың теңгенің 30%-дық қосымша қаражатын қолдануда.

Осы жобаны іске асыру барысында 75% техникалық базаны нығайтуға, ал 25% кадрлардың біліктілігін арттыруға қаралған жұмыстар атқарылуда. 2013 жылы «Кәсіптік-педагогикалық шеберліктің заманауи тәсілдері» тақырыбындағы біліктілік курсына А.Ж. Есмаханов, Б.Т. Бекқулиев қатысып қайтты. Автокөлік жөндейтін слесары мамандығы бойынша грант иегері есебінде 2014 жылы №3 колледж директоры Исахметов Тілек Исахметұлы мен Қозыбаев Самат Қабылұлы Германия мемлекетіндегі кәсіптік білім берудің дуальді жүйесімен танысу және үйрену мақсатында 72 сағаттық бағдарлама бойынша білімін жетілдіру курсына қатысты. Осы мақсатта Германияның Кельн, Эссен, Керпен қаласында болып, дуальді оқыту жүйесімен танысып, тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, Берлин білім беру мекемесінде «Қазақстандағы кәсіптік білім беру жүйесіндегі басшылары мен мамандарының біліктілігін көтеру

бағдарламасы» атты біліктілік көтеру курсына директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Ибраимқұлов Қанат Қадырұлы дәріс алып қайтты. 2014 жылдың наурыз айында №3 колледжде Қазақстан мен Германия арасындағы дуальді жүйемен жұмыс жасау серіктестік келісім шарт жұмыстарының нәтижесін тексеруге Германияның Трир қаласынан аудитор келіп жүргізілген жұмыс қорытындыларына қанағаттанып, ризашылығын білдіріп кетті.

Облысымызда алғашқылардың бірі болып, №3 колледжіне сапа менеджмент жүйесі енгізілді. СМЖ бойынша ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес «EUROSIA MS» компаниясы тарапынан 2011 жылы сертификациялық аудит, 2012, 2013, 2014 жылдары инспекциялық аудиттен өтті. Аудиттер нәтижесі бойынша жоғары бағаға ие болды. 2014 жылдың 28 наурызында сапа менеджмент жүйесі бойынша сертификатты растау эксперттік аудиттен жақсы нәтижелермен өтті.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі

әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. Осы орайда Минск қаласында бір өндірістік оқу шебері, үш арнайы пән оқытушысы біліктілік курсынан өтіп, іс-тәжірибе жинақтап қайтты. Бұл модульдік оқыту бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін еңбек нарығының талдамасы мен функциональдық талдама негізінде жұмыс берушілермен тікелей және тығыз байланыста жасалған.

Колледж қабырғасында жыл сайын білім сапасын жоғарылату мақсатында түрлі іс-шаралар мен сайыстар, олимпиадалар, апталықтар мен онкүндіктер өткізіліп тұрады. Сонымен қатар облыс және республика көлемінде өткізілетін барлық іс-шаралар мен жарыстарға, байқауларға қатысып, қанжығасына жүлделі орындарды байлап келіп жатқан жайы бар.

Колледж ұжымы мен әкімшілігі облыс көлемінде талай-талай семинарлар, байқаулар, «Өрлеу» орталығы арқылы біліктілікті арттыру курстары мен мастер-кластар өткізуде. Үкімет тарапынан қандай тапсырмалар болса да, қоғамның белсенді





дамуы үшін біз еңбегімізді аянбаймыз. 2012 жылы облыс әкімінің қолынан жыл үздіктерін марапаттау салтанатында «Үздік кәсіптік лицей – 2012», «Үздік колледж – 2013» номинациясымен марапатталды.

Білікті мамандар дайындау ісінде әлеуметтік серіктестердің атқаратын рөлі орасан зор. Өйткені жас маман колледж қабырғасында алған білімдерін өндірістік тәжірибеде бекітеді, кәсібін шыңдайды. Бүгінгі еңбек нарығы әлеуметтік серіктестер мен кәсіптік білім мекемелерінің бірлесіп қызмет жасауын талап етеді. Осы орайда колледж 22 әлеуметтік серіктестермен меморандумға отырды.

Колледж студенттерінің кәсіптік практикасы «Әлеуметтік серіктестік туралы келісім меморандумына» сай келесі негізгі базаларда: «Электроаппарат» ЖШС-і, «Югсантехмонтаж»

ЖШС-і, «Цветметремонт» ЖШС-і, «Титан» ЖШС-і, «Эталон» ЖШС-і, «Shell Алатау» ЖШС-і, «КЭММ-2030» ЖШС-і, «Рузметов» ЖШС-і, «Мерседес центр» ЖШС-і, «ШНУ КазТрансОйл» ЖШС-і, «Дорстрой» ЖШС-і, «ЭЛМО» АҚ, «Сантехмонтаж» АҚ, «ТЭМП» ЖШС-і, «Жылуэнергоремонт» ЖШС-і, «СМУ Шымкентгазмонтаж» АҚ, Шымкентский механический завод ЖШС-і, «3-Энергоорталық» АҚ, «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС-і, «Шымкентхиммонтаж» ЖШС-і, «Ердаут» ЖК-сі, «Досов» ЖК-сі және колледждің оқу шеберханаларында өткізіледі.

Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және за-

манауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. №3 колледж оқытушылар қауымы бәсекеге қабілетті кәсіпқой жұмысшы мамандар дайындауға, оқыту мен білім сапасын арттыруға озық тәжірибелерді жан-жақты пайдаланып, сенім биігінен көрінетіндігіне сенімдімін. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Тілек ИСАХМЕТОВ,
№3 колледж директоры,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор

АННОТАЦИЯ ○

В статье директора колледжа №3 г. Шымкента рассказывается о достижениях колледжа в подготовке рабочих кадров для нужд области.